



Наименование области: город Астана

Наименование суда: Верховный Суд Республики
Казахстан (Кассационная
инстанция)

Отправитель: Ж У С У П О В Е Р Н У Р
ЕРБОЛАТОВИЧ

ПИСЬМО

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының
төрағасы А.А.Мерғалиевке
Астана қаласы сотының
төрағасы А.М.Жұмағұловқа
Астана қаласы Есіл аудандық № 2 сотының
төрағасы Д.Н.Даумовқа

Мемлекетіміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде сот жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформалар аталған салаға жаңадан білікті мамандарды жұмылдыруға, әділ сот төрелігін орнықтыруға тиіс екенін атап өтіп келеді. Мұндай шаралар, ең алдымен, қоғамның соттарға деген сенімін нығайту үшін жасалып отыр. Сонымен қатар соттар мен сот рәсімдері қазіргі заман талабына сай болуға және азаматтарымыздың құқықтарын қорғауға тиіс екені айдан анық.


Қорғаушылық кәсібіне жақын арада кіріскеніме байланысты сот жүйесінің жұмыстарына аса назар аударып танысудамын.

Бірінші көңілге түйген мысалдар мынандай болды: Наурыз айының басында мен мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберіндегі қорғаушы ретінде Есіл аудандық № 2 сотында бір тұлғаны ҚР ҚК-нің 188 бабының 2 бөлігімен айыпты деп танып, қылмыстық ісін қарауға қатыстым.

Іс мемлекеттік тілінде қаралды. Сот барысында төрағалық етуші сот Қ.Тобағалиұлы сотқа дейінгі тергеу құжаттарының айыптау жағының көлемділігіне қарамастан, барлық мән - жәйларды зерттеп, парасаттылық пен әділеттік қағидатарына сүйеніп, талапты ішінара қанағаттандырып әділ шешім шығарды.

Сот отырысының хатшысы Бекенова Жансаяның сот жүру барысында өзінің міндеттерін шапшаң атқарып сотқа қатысушы тараптарға сыпайлық пен инабаттылығын көрсетіп, оған қойылған сұрақтарға мағыналы жауаптар бергені көңілге қонарлықтай болды, сонымен

Подписал(а) ЖУСУПОВ ЕРНУР ЕРБОЛАТОВИЧ





бірге сот жүйесіне болашақта жас, талапты мамандар қосылатынына сенім айқындатты.

Жоғарыда аталған кісілерге адал қызметі үшін алғысымды білдіремін.

Тәуелсіз елімізде әділдіктің туы желбірей берсін, қызметтеріңізге сәттілік тілеймін!

Қорғаушы

Е.Жүсіпов

Перечень прилагаемых документов:

1. Благодарн. Құрметті Жоғарғы Сот.docx



Подписал(а) ЖУСУПОВ ЕРНУР ЕРБОЛАТОВИЧ

